



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

жағынан, ортағасырлық ұйқыдан оянып, басқа елдермен бірге өзіне лайық жол іздеу әрекетіне көшті.

Қолданылған әдебиет

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (көмекші оқу құралы).- Алматы: Санат, 2008.- 368 б.
2. ҚР ОММ. - 64-қ., 1-т., 5832-іс
- 3 ҚР АММ.- 430-қ., 9-т., 1-іс
- 4.ҚР ОММ. - 46-қ.,1-т, 165-іс
5. Бөкейханов А. Шығармалар-Алматы:Қазақстан,1994.-384б.
- 6.Байгелова Н. Қарқаралы петициясы // Заң және заман 2005. №9 46-49б
7. ҚР АММ.- 430-қ., 9-т., 3-іс
8. ҚР ОММ.-25-қ., 1-т., 1415-іс

КАСПИЙ МӘСЕЛЕСІ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ-ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

Болатбек Данабек

ais_11.91@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Тарих факультеті, 2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - т.ғ.д., доцент Жаркенова А.М.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында мемлекет шекарасын бекемдеу ісі күн тәртібінде маңызды болды. Қазақ елі геосаяси жағынан өте маңызды орында орналасқандықтан, шекараны бекемдеуде біраз қиыншылықтарға тап болды. Жер қатынастары басқармасының бастығы Мәлік Жекеевтің тілшілерге берген сұқпатынан: «Біріншіден, Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара әлемдегі ең ұзын шекара болып табылады. 7,5 мыңнан астам шақырымға созылған шекара бойында өте көп істер жүргізілді, әр елді мекеннің жағдайы егжей-тегжей зерттелді. Екіншіден, кезінде Қазақ КСР-і мен РСФСР арасындағы шекара құқықтық жағынан Өзбек, Түрікмен, Қырғыз КСР-лері шекараларымен салыстырғанда уақытында нақтыланып, заңдастырылмаған болып шықты. Негізінде, белгіленген шекара болғанымен, іргелес жатқан шаруашылықтар жергілікті кеңестер шешімімен жер учаскелерін қажеттілікке байланысты алмастыра берген. Сөйтіп, 1920 жылы Қазақ АКСР-і құрылғаннан бері Қазақстан - Ресей шекарасы бірнеше рет өзгеріске түскен екен. Бір мемлекетке қараған тұста кейбір аудан, елді мекендер бір республикадан екіншісіне беріле бергендіктен, шешім қабылдағанда, екі жаққа да тиімді болатын түсіністікке келу жолдары мұқият қарастырылды. Шекараға қатысты көптеген құжаттар, карталар жан-жақты зерттелді, бұрынғы Одақ кезіндегі, екі елдің қазіргі заңдарын негізге алып, оларды өз мүддемізге мүмкіндігінше тиімді пайдалануға барымызды салдық. Сөйтіп, Ресейге ретсіз сынық сүйем жер жібермедік» - делінген. Осы сұқпаттан-ақ құрлықтық шекараны бекемдеудің оңай болмағанын аңғаруға болады [1].

Мен жоғарыда көрсеткендей біздің елдің Ресеймен құрлықтық шекарасы толық айқындалған, бірақ Каспийдің шекаралық бөлінісі айқындалмаған, халықаралық заңмен негізделмеген. Есенгүл Кәп қызының «Түркістан» газетіне берген мақаласында: «Мемлекеттік Дума алдында екпіндей сөйлеген Путин ешқандай заң бұзбағандығын, Қырым халқының өз таңдауын ашық және заң шеңберінде жасағандығын, Қырымның әрқашан Ресейдің бір бөлігі болып келгендігін ерекше «шабытпен» жеткізді. Жеңіске жеткендігіне масаттанғандығы байқалады. Мемлекеттік Дума өкілдері Путиннің әрбір сөзіне қол соқты. Сөйтіп өзге елдің территориясына аннексия жасап, Украинаның субъектісі болып табылатын Қырымды тартып алғандығын мақтан етті», - деп жазған. Осы мақалының үзіндісінен-ақ Ресейдің кез-келген елдің заңдық, саяси осал тұсын қаншалықты тиімді пайдаланатынына көз жеткіземіз [2].

Шекараны бекемдеуде Ресей империясы мен Қытай арасындағы шекараға байланысты құжаттар және КСРО-ның әкімшілік-аумақтық шекарасының ішкі бөліністерін баянды еткен жалпы сипаттағы құқықтық құжаттар пайдаланылды. Кей жағдайда шекара белгілеуде қиындықтар болды, бірақ, деркезінде шешімін тауып отырды, мысалға, кейбір елді мекендер екі ел аумағында қалып қоюы, болмаса, сол елді мекендер үшін маңызды нысандардың шекараның сыртында қалуы сынды кіші қайшылықтар жер айырбастаулар арқылы өз орынына келтірілді. Бірақ су шекарасын бөлісу кезінде жоғарыда келтірілген құжаттар пайдалануға жарамсыз болды. Қазақ АКСР-і империя құрамында 1970 жылы кеңестік Мұнай барлау ведомствосының теңізді әр жағалаулық республикаларға тиесілі сегменттерге бөлу негізі қаланды, осы бөлініс бойынша Қазақстанға 113 мың км² аумақ тисті еді, осыншама көп аумаққа иелік етуіне қарамастан, еліміз КСРО құрамындағы уақытында өзінің жер қойнауындағы осындай мол аумақтық базасын, өзіне-өзі басқарып, пайдалана алмаған. КСРО-ның жоғарғы басшылығы біздің мұнай, көмір-сутегі шикізатын өз күшімізбен игеріп, өндіруімізге жол бермеді, барлық бастамаларымызға қабылдаусыз қалдырды. Біз барлық жағынан, тіпті қондырғылар мен өнімдерді жеткізуден бастап, ақыр аяғы КСРО-ның түпкір-түпкірінен келген кадрлардың даярлануына шейін орталыққа тәуелді болдық. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін, тәуелсіз мемлекет ретінде өз аумағындағы сулы аумақтарға иелік ете бастады. Қазақстан алып құрлықтың бел ортасына орналасқанына қарамастан, Каспий теңізімен шектесіп жатыр, Каспиймен шектескен бөлігі ең ұзын мемлекетте біздің ел болып табылады, бұрын да, Каспийдің құқықтық мәртебесі КСРО мен Иран арасындағы келісім негізінде жүзеге асырылатын еді, КСРО-ның құлауынан кейін Каспийде бес мемлекеттің билігі орнады, сол себептен, Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындау қажеттілігі туындаған.

1991-1994 жж. Каспий жағалауындағы мемлекеттермен қоса оған оған деген қызығушылық танытқан АҚШ, Түркия, Қытай, және Батыс Европа мемлекеттерінің Каспий теңізін келешекте мұнай мен газ салаларында ең басты рөл ойнайтын аймақ екеніне назар аударды [3,316].

АҚШ-тың «The Wall Street Journal» журналында жазылған пікірінде: «19-шы ғасырда Британ империясы мен патшалық Ресей арасында Үлкен Ойын жүргізілген Орталық Азия, бүгінде, өзінің мұнай-газ байлықтары арқасында «көпполярлы дәуірдің» АҚШ, Қытай және Мәскеу арасындағы алғашқы стратегиялық шайқастары алаңына айналып отыр. 1991 жылы осы аймақтың бес мемлекеті Кеңес Одағынан өз тәуелсіздігін алып, Орта Азия аймағы өзінің ғаламдық стратегиялық маңызына қайтадан ие болғаннан кейін, бүгінде ғаламдық көлемде өркендеп өскен Қытай, мұнайға масаңсыған Ресей және АҚШ Орталық Азиядағы ресурстар мен билікке ықпал ету үшін күресте мүйіз қағысып қалды. Орталық Азия стратегиялық шайқастар алаңына айналды», - деп Каспийдегі мұнай қорының әлемдік саясатқа қаншалықты әсер ететінін айқындап берген [4, 135].

қазіргі әлемде мұнай факторлары халықаралық қатынастарға әсер ететін негізгі факторлардың бірі. Әлемдік саясатта энергетикалық ресурстың зор маңызы энергеоресурстарды бақылауды көздеген алып державалардың арасындағы әрі ашық және әрі жабық күрестерін тудыруда, сонымен қатар, мұнай мен газ қорларының шектеулігі, орыны толмастығы және әлемдік аумақта әрқелкі таралуы, бұл жағдайды тіптен қиындатады. Қазіргі әлемдік пайдаланылып жатқан жалпы мұнай шикізатының 80%-і 1973 жылға дейін ашылған кеніштерден алынады, сол мұнай кеніштері қазір қорлары таусылу алдында, 1990 жылы әлемдік маңызы бар көмірсутектің мол қорының Каспий аумағынан анықталуы, әлемдік шикізатқа тәуелді күші мығым елдердің Каспийге көз тігуіне алып келген, бұл жағдай, Каспийдегі саяси ойындардың тым шиленісуіне, тіптен бауырлас және көрші елдердің теке тіреске түсуіне алып келді. Мысалға: Түркіменстан Әзірбайжанды халықаралық сотқа беруге дайын екенін мәлімдесе, Иранның Әзірбайжанға тиесілі мұнай барлау кемесіне әскери кемемен ескертулер жасауы, Қазақстанның Шетел мұнай компанияларымен келісімге келуін, Ресейдің кейбір басылымдары мен саясаткерлерінің сатқындыққа балауын алуға болады. Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындауға басты

кедергінің бірі - мемлекеттердің ортақ бөліу сызықтарын анықтауда бір шешімге келе алмауы еді. Алғашқы Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындау мәселесі көтерілген жылдары Ресей мен Иран елдері қалған үш елмен Каспийді бөлісуді қаламаған және бұл мәселені көтеруден қашқақтаған саясат ұстанған болатын. Түркіменстан мәмлегерлік саясат ұстанса, Қазақстан мен Әзірбайжан құқықтық мәртебені айқындау мәселесін қашанда күн тәртібінен түсірмеген. Иран Каспийді тең бес бөлікке бөлуды, әрбір мемлекет 20% үлестен алуды қаласа, Ресей жағы теңізді ортақ пайдалануға көндіргісі келді. Қазақстан мен Әзірбайжанның ұстанымдары негізі бір-біріне жақын болатын. Бірақ Әзірбайжан әу бастан-ақ көл айдыны нұсқасын батыл жақтаған болатын. Ондай жағдайда ұлттық секторлардағы теңіздің жер қойнауы мен түбін, беткі айдынын бөліп, сондағы пайда болған сызықтарды мемлекеттік шекара болып табылатын еді. Олар ұсынған нұсқа қатаң бөліну үлгісі деп аталды. Мұндай жағдайда сауда, кеме қатынасы, балық аулау, сондай-ақ экологиялық ынтымақтастық, теңіздің басқалай биоресурстарын тиімді пайдалану және сақтау үшін қалыпты жағдайлармен қамтамасыз етуде елеулі қиындықтар тууы сөзсіз еді.

Қазақстан да Әзірбайжан көзқарасын қолдағанымен, бірақ тек, қажеттілігін баса айтады. Қазақстан позициясының негізі Каспийге болмашы өзгерістер бар. 1982 жылғы теңіз құқығы бойынша БҰҰ-ның конвенциясымен кейбір ережелерін пайдалануында жатыр.

Қазақстан әуел бастан компромисті позицияны ұстанады. Ол бойынша теңіз ерекшеліктері ерекше экономикалық зона мен аумақтық теңіз режимінің кей ережелерін ескерген 1982 жылғы теңіз құқығы бойынша БҰҰ-ның конвенциясын қабылдау керек, оның түбімен қойнауын ұлттық секторларға бөлу, суда ені 12 теңіз миліне дейін болатын аумақтық теңізді келіскен ені бар балық аулау зоналарын орнату керек. Қалған теңіз бөлігін ортақ эксплуатациялау объектісі етуді ұсынды [5, 62].

Жоғарыдағы ұстанымдарға қарай отырып, бұл жерде әр мемлекеттің өз мүдделері үшін аянып қалмағанын аңғаруға болады. Иранға келер болсақ, бұл ел әр мемлекетке тең бөліп беру арқылы, өзінің бұрынғы КСРО-мен жасасқан келісімдегі аумағын кеңейтіп алуды көздегенін аңғаруға болады. Себебі, КСРО-Иран келісімі бойынша Иранға тиесілі аумақ бар болғаны 11% болған және егер де Қазақстан мен Әзірбайжанның ұстанымы жүзеге асқан жағдайда, Иранның иелігі бар болғаны 14%, ал мұнайдағы үлесі бар болғаны 0,9 млрд тонна болатын еді. Сондықтан, Иран тарапы соңғы уақытқа дейін өз ойынан айнамай, келісімнің оң өріс алуына кедергі келтіріп келді.

Ал Ресей құқықтық мәртебені айқындау мәселесі көтерілген алғашқы жылдары теңізді ортақ пайдалануды қалауы, 1921 және 1940 жылдары Ресей мен Иран арасындағы жасалған келісімдердің кейбір артықшылықтарын сақтап қалуға тырысты. өзінің теңізді билеу құқығынан айырылмау және теңізді қалаған уақытында өз мақсатына пайдалану, АҚШ пен Қытайдың осы аумақ ісіне араласуын тежеу мақсатында болды. Себебі, теңізді ортақ пайдаланған жағдайда, Ресейдің ұлттық мұнай компанияларының әлеуеті басқа төрт елдің ұлттық компанияларының мұнай-газ өндіру әлеуетінен жоғары болды, басқа Түркіменстан, Қазақстан, Иран және Әзірбайжан елдерінің міндетті түрде Қытай және АҚШ-тың ұлттық мұнай-газ өндіретін компанияларымен тығыз қарым қатынас орнататынын біліп, алдын алуға тырысуы еді. Егер Қазақстан мен Әзірбайжанның ұстанымы жүзеге асқан жағдайда, Ресейдің аумақтық үлесі 19% болатын еді, мұнайдағы үлесі 2 млрд тонна болады, ал бұл көрсеткіш Ресейдің көңілінен шықпады. 1994 жылы 28 шілдесінде Қазақстан Премьер-министірінің өкімімен Каспий теңізіне қатысты түрлі мәселелерді шешу, оған қоса теңіздің мәртебесін анықтау бойынша «Каспий теңізі құқықтық мәртебесі бойынша нұсқаулар» атты №2 қосымшасында Қазақстан делегациясына Ресей мен Иран арасындағы 1921 және 1940 жылдардағы жасалған келісімдердің жаңа геополитикалық шындыққа жанаспайтынын негізге алу туралы тапсырма берілген. БҰҰ 1982 жылғы теңіз құқығы бойынша конвенциясының шарттарын жүргізуге тапсырма берілген [6, 147].

Қазақстан мен Әзірбайжан 1982 жылғы теңіз құқығы бойынша БҰҰ-ның конвенцияны пайдаланған жағдайда өз мүдделерін толық қорғап қала алатынын түсінгендіктен, өз ұстанымдарынан ажырағылары келмеген. Бұл ұстаным арқылы өз құқықтары мен

қауіпсіздіктерін халық аралық сотта қорғай алатын еді, шет елдерден инвесторлар тарту жұмысында да кедергілерді азайта алары анық еді. Жоғарыдағы ұстаным бойынша бөлінген жағдайда, Қазақстан 29% аумаққа ие болумен қатар, 4,5 млрд тонна барланған мұнайдың иесі болар еді. Ал Әзірбайжан 21% аумаққа, 4 млрд тонна болжанған мұнай қорына ие болар еді. Осы ұтымдылықты алдыға қойған екі елде өз ұстанымдарынан шегінбеген. Ал Түркімен тарапынан алғашқы жылдары бір ұстаным бағыт байқалмады.

Қазақстан мұнай мен газын экспорттауда басты кедергілердің бірі- Қазақстан мұнай-газының негізгі тұтынушы аймақтардан алыс орналасуы болып отыр. Қазіргі басты тұтынушы аймақтарға: АҚШ, Батыс Еуропа, Шығыстық дамушы мемлекеттер. Ал, Қазақстанның негізгі мұнай газ қорлары аталған аймақтардың бәрінен алыс орналасқандықтан, тұтынушыларға жеткізу жолдары басты мәселеге айналды. Елбасымыз кітабында: «Алдын-ала жасалған экономикалық есептеулер нәтижесінде, өнімді аз шығын жұмсап, ең қысқа жолмен өткізуді қамтамасыз ететін Ресейлік бағыт таңдап алынды. Ресеймен жоғары деңгейдегі келіссөздер 1994 жылдан бастап жүргізілді. Ресей жағынан мұнай құбырын салғысы келмеген қарсылықтарды жеңе отырып, ортақ келісімге келуге тура алты жыл кетті» дей келе мұнай тасымалдаудағы басты кедергілерді егжей-тегжейлі баяндаған, Ресейге тәуелділіктен құтылу үшін басқа бағыттарда құбырлар тарту жұмыстарын қолға алғанын айтқан. Мысалға: Қазақстан-Қытай бағыты Ақтау-Алашанку, Түркіменстанды басып өтіп Еуропаға жол алатын құбыр салуды және Әзірбайжан мен Түркіменстанның Каспийдің астымен құбыр тарту жобасында қолдайтынын айтқан [4, 131].

Ардагелді Саясидың мақаласында: «Ресейдің Украинадан Қырымды тартып алуы Ашхабадты да ойландырса керек. Кім біледі күні ертең түркіменстандық орыстар «бізді де қорғандар» деп Путинге хат жазуы мүмкін ғой. Ал, Ресейдің әпербақан билігі Түркіменстанға тура әскер кіргізбесе де газ құбырлары арқылы түркімен газының экспортын қиындатуы ықтимал. Құбырларды жаппағанның өзінде тасымал құнын өсірсе түркімен газы нарықтағы сұранысынан айырылады. Демек, Түркіменстанның Транскаспий газ құбыры жобасын жүзеге асыруға барын салғаны өздеріне тиімді. Өйткені, ол Ресей жерімен өтпейтін құбыр. Түркімен газын Еуропа нарығына шығаратын балама жоба ол онысымен тиімді. Бірақ, Ресей бауырлас елдердің бұл «қулығын» біледі. Өткен жылдың қазан айында Ресей Сыртқы істер министрі Сергей Лавров Еуропалық Одақтың Әзербайжан мен Түркіменстанды Транскаспий газ құбырын салуға азғырып жүргенін айтып, еуропалықтарды айыптаған» - делінген. Осы пікірдің өзінен-ақ Каспийдегі жағдайдың қазіргі саяси тартыстардың орталығы екенін анық байқаймыз. Қазақстан, Түркіменстан үшін Каспий теңізі арқылы жүргізілген құбырдың маңызы өте жоғары. Ресейдің мұнай-газ құбырларына тәуелділікті азайтатып, тасымалдау құнын төмендететін бұл бастама Ресей үшін тиімсіз болып, мемлекет аралық өзара келіссөздерді қажет ететін мәселеге айналған [7, 8].

Осындай тартыстарға толы болған Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындау мәселесі әлі күн тәртібінде тұр. Дегенмен, бұл мәселені шешу оңай шаруа емес еді. Бұл жөнінде 2002 жылы 14 қыркүйектегі Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 57 сессиясында Қазақстан Республикасының сол кездегі Мемлекеттік хатшысы, Сыртқы істер министрі Қ.К.Тоқаев: «Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселесі қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастарда өте өзекті мәнге ие бола түсуде. Бес каспийлік мемлекеттердің осы ерекше су қоймасына деген заңнамалық мәртебесіне байланысты ымырашылдығының болмауы Каспий теңізінің бейбітшілік пен нағыз ынтымақтастық өңіріне айналу болашағына нұқсан келтіруде» - деп өз өкінішін білдірген еді [8]. Сондықтанда бұл мәселе кешеде, бүгінде өзекті болып қалады және қазіргі болып жатқан саяси жағдайлар бұл мәселенің маңызын арттырады. Каспийдегі мәртебемізді халықаралық заңмен бекіту кезек күттірмейтін мәселе, себебі Елбасымыз айтқандай Украина шекарасын халықаралық заңмен бекітіп үлгірмегендіктен, Ресейдің заңына жауап бере алған жоқ. Мақаланың түсінгеніміздей Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындаудың ең тиімді жолы әскери-саяси күш қолдану емес, бірінші орында ынтымақтастықпен өзара сенім негізіндегі келісімдердің маңызы ерекше болып тұр.

Қолданылған әдебиет

1. Әңгімелескен Индира Өтеміс. Ақтөбе облыстық жер қатынастары басқармасының бастығы Мәлік Жекеевпен болған әңгіме, «Мемлекет шекарадан басталады»// «Ақтөбе» облыстық қоғамдық-саяси газеті, 2011 жылы 4 қаңтар.
2. Есенгүл Кәп қызы. «Қазақстанға ядролық қару қажет сияқты Будапешт меморандумы қауіпсіздігімізге кепіл бола алмайтын түрі бар», // «Түркістан» газеті, 2014 жылы 20 Наурыз.
3. Рысбаев Е.Ж. «Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселесі», //Қазақстан ғылыми әлемі. №2 (42) 2012.
4. Нұрсұлтан Назарбаев. «Қазақстан жолы», Астана Қ, 2006 ж.
5. <http://infobank.kz/referat>. «Каспий теңізі, құқықтық мәртебесі бойынша келіссөздердің жаңа кезеңі», Каспий мәселесі бойынша жан-жақтылы қарастырылған.
6. Ә. Сабыров. «Қазіргі кездегі каспий теңізінің құқықтық мәртебесі және Қазақстан Республикасы»,// ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. №2 (62) 2012.
7. Ардагелді Саяси. « мүдделердің тоғысуы» // «Жебе» газеті, 2014 жыл 10 сәуір.
8. Қ.К.Тоқаев. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 57 сессиясында сөйлеген сөзі.

СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ В СТЕПНОМ КРАЕ В КОНЦЕ XIX- В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

Мурзагалиева Гульмира Махмутовна.

gulmiramurzagaliyeva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Исторический факультет, магистрант 2- курса , Астана, Қазақстан

Научный руководитель доцент, к.и.н. Рахимбекова А.К.

Первая аульная школа была открыта 16-го июня 1892 года в № 4 аула Кинь-Аральской волости Кустанайского уезда и названа Карагайлысайскою (по зимовому урочищу). Затем в конце того же года там было разрешено открытие еще пяти аульных школ Алакульской, Аралагашской, Тобольской, Карадункульской и Сужорганской.

После годовичного опыта существования в области аульных школ администрация имела возможность в общем присутствии Областного Правления с участием начальников и сведущих лиц из киргизов 8 февраля 1894 г. обсуждать вопрос о том, насколько успешно действуют в степи аульные школы, обнаруживаются препяствия к учреждению их и соответствует ли этот тип школ потребностям народа.

При обсуждении вопроса было установлено, что учреждения аульных школ, по простоте своей отвечающих кочевому образу жизни казахов-киргиз, было встречено населением сочувственно. Но и в то же время было обращено внимание на сравнительно малое число учащихся в этих школах.

Главная причина, припятствующая казахскому населению пользоваться в полной мере учрежденными аульными школами, заключалась и в самих условиях кочевого образа населения.

При разбросанности зимовок, на большом пространстве, аульные школы в зимнее время не могут быть доступны многим ученикам, живущим даже в близком расстоянии от школ, т. к. передвижение по сугробам, или во время буранов, часто сопряжена с опасностью для жизни. Об этой причине школами пользуются, главным образом, дети из тех зимовок, которые расположены в непосредственном соседстве со школьным помещением.

Сделать аульные школы более доступными населению возможно лишь путем устройства при них особых землянок, для жилья расположенных из окрестных местностей учеников и для склада привозимых их родителями продуктов.

Единичные попытки в этом направлении уже сделаны состоятельными казаками, при